



**МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ  
Е 333-2024**

Күні	Көшірмесі	Басылым
		Екінші

**Шымкент**

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Фылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 2 беті
Магистратура туралы ереже	

1. «ОҚМА» АҚ Фылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗДІ.** «25 » 06 2024 ж., хаттама №5

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңес шешімімен **КЕЛІСІЛДІ.** «28 » 06 2024 ж., хаттама №6

Тексеру жиілігі – 3 жыл

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Магистратура туралы ереже	Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 3 беті

## **МАЗМҰНЫ**

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	8
4. МАГИСТРАТУРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ.....	9
5. МАГИСТРАТУРАДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ .....	12
6. МАГИСТРАНТАРДЫҢ АФЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ .....	25
7. МАГИСТРАНТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ .....	32

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>Магистратура туралы ереже</b>	<b>E 333-2024 басылым №2 34 беттің 4 беті</b>

## 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Фылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және фылым министрінің 2018 жылғы 31 қазадағы № 600 бұйрығы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Фылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Фылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтарынан № 4 бұйрығы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және фылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ басқа да ішкі нормативтік құжаттары.

## 2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде мынадай анықтамалар, терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

**«ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,**

**ББ – білім беру бағдарламасы,**

**БП – базалық пәндер,**

**БнП – бейіндік пәндер,**

**ГЖБМ – Фылым және жоғары білім министрлігі,**

**ГЗЖЖ – фылыми-зерттеу жұмысының жеке жоспары,**

**ФКЖДЖМБ – Фылыми-клиникалық жұмыс, докторантура және магистратура басқармасы,**

**ДСМ – Денсаулық сақтау министрлігі,**

**ЖАОК – жаппай ашық онлайн курс,**

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</p> <p>Магистратура туралы ереже</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>E 333-2024</p> <p>басылым №2</p> <p>34 беттің 5 беті</p>
--	---	---

**ЖЖОКБҰ** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру,

**ЖК** – жоғары оқу орны компоненті,

**ТК** – таңдау компоненті,

**ЖОО** – жоғары оқу орны,

**ЖОЖ** – жеке оқу жоспары,

**ҚАК** – қорытынды аттестаттау комиссиясы,

**ҚР** – Қазақстан Республикасы,

**МҒЗЖ** – магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы,

**МӘЗЖ** – магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы,

**МЖБС** – мемлекеттік жалпыға міндепті стандарт,

**МӨЖ** – магистранттың өзіндік жұмысы,

**МОӘЖ** – магистранттың оқытушымен өзіндік,

**ОӘО** – оқу әдістетелік орталығы,

**ОЖЖ** – оқу жұмыс жоспары.

**Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ)** – бұл ақпаратты сақтауға, беруге және өндеуге байланысты қызметті автоматтандыруға арналған бағдарламалық-аппараттық құралдардың жиынтығы.

**Академиялық қарыз** – оқу жоспарына сәйкес білім алушының оқу жетістіктерінің тарихында оқытылмаған пәндердің немесе қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз бағаланатын пәндердің болуы.

**Академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

**Академиялық кезең** – семестр түріндегі кредиттік оқыту технологиясымен теориялық оқыту кезеңі.

**Академиялық деңгей** - қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын менгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындастын дәреже.

**Апелляция** – білім алушы білімін объективті бағалау жағдайларын анықтау және жою мақсатында жүзеге асырылатын рәсім.

**Аттестаттау комиссиясы** – ректордың бұйрығы бойынша құрылған, мамандық бейіні бойынша ПОҚ-ның жетекші өкілдерінен тұратын, ҚР ФЖБМ бекіткен университеттің оқытушысы немесе қызметкері болып табылмайтын тұлғаның төрағалығымен Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды жүзеге асыратын комиссия.

**Базалық пәндер** – кез-келген дайындық бағдарламасы аясында окушы міндепті түрде оқуы керек оқу пәндері.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантуралық магистратура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 6 беті</b>
---	--

**Практика базалары** – білім алушылардың кәсіптік практикасы өткізілетін ЖОО-ның кәсіпорындары, үйымдары, мекемелері, оқу орындары ғылыми институттар мен орталықтары немесе жеке құрылымдық бөлімшелері.

**ЖОО компоненті (бұдан әрі - ШК)** – білім беру бағдарламасын менгеру үшін ЖЖОКБҰ дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең тәменгі көлемінің тізбесі.

**Бітіруші кафедра** – даярлық бағыты бойынша білім беру процесінің толық циклін үйлестіретін, практиканың магистрлік диссертация/жобаларды орындау және дайындық бағыты бойынша магистранттарды аралық және қорытынды аттестаттаудың өзге де нысандары үшін жағдайларды қамтамасыз ететін кафедра.

**Оқу пәніне жазылу** – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

**Шетелдік ғылыми тағылымдама** – магистратураның білім беру бағдарламаларының білім алушыларының шетелдік білім беру және ғылым үйымдарына диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарын орындау мақсатында оқу және/немесе материал жинау үшін шығуы.

**Магистранттың жеке жұмыс жоспары** – білім алушылардың магистратураның білім беру бағдарламасын менгеруінің оқу (Теориялық оқыту) және зерттеу (ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы) траекториясын көрсететін құжат.

**Жеке оқу жоспары** – магистранттың оқу бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде ғылыми жетекшінің көмегімен әр оқу жылына дербес қалыптастыратын магистранттың оқу жоспары.

**Зерттеу практикасы** – отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, тәжірибелік деректерді өндеу және интерпретациялаумен танысу, сондай-ақ оларды диссертациялық зерттеуде қолданудың практикалық дағдыларын бекіту мақсатында магистратура және докторантуралық білім алушыларының кәсіби тәжірибесінің түрі.

**Таңдау компоненті** – білім беру бағдарламасын игеру үшін үйым дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең тәменгі көлемдерінің тізбесі.

**Кредит** – білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

**Кредиттік оқыту технологиясы** – академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

**Магистратура** – кемінде 60-120 академиялық кредиттерді міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024</b> <b>басылым №2</b> <b>34 беттің 7 беті</b>
---	--

отырып, кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі.

**Магистрлік диссертация** – ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, ғылыми-педагогикалық магистратура таңдаған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеу болып табылатын магистранттың бітіру жұмысы.

**Магистрлік жоба** – таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы мәселесін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейінді магистратура магистранттың бітіру жұмысы.

**Жаппай ашық онлайн курс** – электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып және Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен жаппай интерактивті қатысумен оқыту курсы.

**Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы** – университетте білікті мамандарды дайындаудың міндетті, ажырамас бөлігі.

**Ғылыми жетекші/кенесші** – білім алушының басшылығымен бітіру жұмысын (магистрлік жобаны/магистрлік диссертацияны) орындауды жүзеге асырылатын магистранттың академиялық тәлімгері.

**Білім беру бағдарламасы** – оқытуудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асырудың жолдары мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас жиынтығы.

**Постреквизиттер** – осы пәнді оқуды аяқтағаннан кейін алынған білім, білік және дағдыларды талап ететін пәндер.

**Өндірістік практика** – білім алушылардың жоғарғы оқу орнында негізгі базалық және бейіндеуші пәндер циклдары бойынша алған теориялық білімдерін маман ретінде тәжірибелік түрде қызметтін атқару арқылы бекітуге, практикалық дағдыларды игеруге, болашақ мамандығы бойынша кәсіби және ұйымдастыру жұмысындағы озық тәжірибелерде менгеруге бағытталған кәсіби практиканың түрі.

**Білім алушыларды аралық аттестаттау** – білім алушылардың бір оқу пәнін оны зерделеп бітіргеннен кейінгі бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын менгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**Пререквизиттер** – оқытылатын пәнді менгеру үшін қажетті білім, қабілет және дағдыларды қамтитын пәндер.

**Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ)** – білім беру бағдарламасы мен студенттердің жеке оқу жоспары негізінде «ОҚМА» АҚ өз бетінше әзірлейтін оқу құжаты.

**Силлабус** – оқытын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйрену тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Магистратура туралы ереже	Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 8 беті

тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімін көрсететін пәннің оқу бағдарламасы.

**Транскрипт** – менгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат.

**Емтихан комиссиясы** – мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін университет ректорының бұйрығымен құрылған комиссия.

**Элективті пәндер** – белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде жоғары оқу орнының компонентіне және таңдау компонентіне кіретін және білім беру үйімдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және нақты өңірдің қажеттілігін ескеретін, жоғары оқу орнының ғылыми мектептері қалыптасқан оқу пәндері.

### 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Ереже «ОҚМА» АҚ кредиттік оқыту технологиясы шеңберінде магистратураның білім беру бағдарламаларын (ғылыми, педагогикалық және бейіндік магистратураның білім беру бағдарламалары) іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды.

3.2 Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың өмірлік цикліне тартылған барлық құрылымдық бөлімшелер (кафедралар, қаржы және ғылыми бөлімшелер және т.б.) үшін міндетті.

3.3 Денсаулық сақтау магистрлерін, медицина ғылымдарының магистрлерін, техника және технология магистрлерін, техника ғылымдарының магистрлерін даярлаудың негізгі міндеттері:

- медицина және денсаулық сақтау саласы үшін ғылымның өзекті бағыттары бойынша магистранттарды терең теориялық және практикалық жеке оқыту арқылы жоғары сапалы білімге қол жеткізу, магистранттардың ең маңызды және тұрақты білімді менгеруі, әлемнің ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды қамтамасыз ету;

- магистранттардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін, олардың барлық белсенді қызметі барысында жана білімді өз бетінше шығармашылық игеру қажеттіліктері мен дағдыларын дамыту;

- кәсіби мәдениеті жоғары, оның ішінде азаматтық үстанымы бар, заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше алатын, кәсіби қызметін табысты жүзеге асыра алатын кәсіби қарым-қатынас мәдениеті бар мамандарды даярлау;

- магистранттарды ғылымдар тоғысында іргелі біліммен қамтамасыз ету, олардың нақты дамушы әлемде кәсіби үтқырлығына кепілдік беру;

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Магистратура туралы ереже	Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 9 беті

- ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын игеру, докторантурада ғылыми жұмысты жалғастыру үшін қажетті әлеуетті алу;

- ЖОО педагогикасы мен психологиясы саласында қажетті ең төменгі білім алу және ЖЖОКБҰ-да оқыту тәжірибесі.

3.4 Магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық бірлік бітіруші кафедра болып табылады. «ОҚМА» АҚ деңгейінде магистратураның білім беру процесін үйлестіруді және іске асырылуын бақылауды ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы жүзеге асырады.

3.5 Магистрлерді даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы шенберінде жүзеге асырылады, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ мен білім беру қызметтеріне тапсырыс беруші арасында жасалатын ақылы оқыту шарты негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

#### **4. МАГИСТРАТУРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

4.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру процесін іске асыру ұлттық біліктілік шенберіне, кәсіптік стандарттарға, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шенберіне сәйкес жүзеге асырылады.

4.2 Магистратура ББ «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы, Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы негізінде әзірленген. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 4 шілдедегі № 63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Заны және «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітілген. Магистратура ББ екі бағыт бойынша әзірленеді: ғылыми-педагогикалық және бейіндік. ББ әзірлеу «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен рәсімдері туралы ережеге» сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 Магистратура ББ әзірлеуді және енгізуді оқу ұдерісінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне жауап беретін бітіруші кафедра жүзеге асырады.

4.4 Магистратура ББ-ны ФКЖДжМБ-мен бірлесіп жүзеге асыратын бітіруші кафедра мыналарды қамтамасыз етуі керек:

- ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге келісім-шарттардың болуы;

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</p> <p>Магистратура туралы ереже</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>Е 333-2024</p> <p>басылым №2</p> <p>34 беттін 10 беті</p>
--	---	--

- аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) магистратураны іске асыратын ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы келісімдердің болуы;

- практика базасы ретінде белгіленген ұйымдармен, оның ішінде ғылыми тағылымдаған өту үшін келісімдердің болуы.

4.5 Магистратура ББ мақсаты медицина және денсаулық сақтау саласында кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайын, халықтың денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге, оларды практикада іске асыруға және олардың тиімділігін бағалауға қабілетті жоғары кәсіби, бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық және әкімшілік-басқару кадрларын даярлау болып табылады.

4.6 Магистратура ББ мазмұнына кіреді:

1) негізгі және бейіндік пәндер циклін зерделеуді қамтитын теориялық оқыту;

2) магистранттарды практикалық даярлау: практиканың, ғылыми және кәсіби тағылымдағалардың әртүрлі түрлері;

3) магистрлік диссертацияны (ғылыми-педагогикалық бағыт), магистрлік жобаны (бейіндік бағыт) орындауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы;

4) қорытынды аттестаттау.

4.7 Білім беру бағдарламасы бойынша барлық пәндері үшін ОӘК әзірленеді, оған мыналар кіреді:

- жұмыс оқу бағдарламасы – силлабус;
- бақылау-өлшеу құралдары;
- пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы.

4.8 Магистратура ББ ғылыми компоненті ғылыми-зерттеу жұмысынан (ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары үшін) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бейіндік білім беру бағдарламалары үшін), ғылыми жарияланымдар дайындаудан және берілетін магистр дәрежесін алу үшін диссертация/жобаны орындаудан қалыптастырылады.

4.9 Магистрлік диссертациялардың/жобалардың тақырыптарын, ғылыми жетекшілерді бітіруші кафедралар айқынрайды, ғылыми комитеттерде талқыланады, ғылыми кеңеспен келісіледі және ғылыми-клиникалық жұмыс, докторантура және магистратура басқармасы басшысының ұсынуы бойынша ғылыми кеңесте қабылданғаннан кейін екі ай ішінде бекітіледі.

4.10 Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы:

- магистрлік диссертация/жоба қорғалатын ББ негізгі проблематикасына сәйкес болу, өзекті болу, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын қамту, ҚР мемлекеттік бағдарламаларымен байланыста болу;

- ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделіп, жаңа теориялық білімді, теориялық немесе практикалық сипаттағы маңызды мәселелерді шешуді қамтиды;

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 11 беті</b>
---	---

- компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өндеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделеді;
- ғылыми зерттеудердің заманауи әдістерін қолдана отырып орындалады;
- қорғауға шығарылатын диссертацияның негізгі ережелері бойынша ғылыми-зерттеу (әдіstemелік, практикалық) бөлімдерін қамтуға.

4.11 Магистранттың бейіндік магистратурадағы эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік жоба жүзеге асырылатын және қорғалатын магистратура ББ профиліне сәйкес келеді;
- 2) ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделген және нақты практикалық ұсыныстарды, басқару мәселелерінің дербес шешімдерін қамтиды;
- 3) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады;
- 4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік және ғылыми-зерттеу (әдіstemелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

4.12 Магистранттың зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми басылымдарда жариялануы, сондай-ақ ғылыми конференцияларда баяндалуы тиіс. МҒЗЖ/МӘЗЖ қорытынды қорытындысы магистрлік диссертация / жоба болып табылады.

4.13 Магистранттар үшін Практика ғылыми-зерттеу, педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

4.14 Магистранттарды аралық және қорытынды аттестаттау «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңесі бекіткен нысанда оқу жұмыс жоспарында және академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

4.15 Бейінді даярлау бағытындағы магистратура бағдарламасын игерудің нормативтік ұзақтығы 1 жылды, ғылыми-педагогикалық даярлау бағытын игерудің нормативтік ұзақтығы - 2 жылды құрайды.

4.16 Магистратура бағдарламалары бойынша оқыту тек күндізгі нысанда жүзеге асырылады.

4.17 Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке сәйкес келеді және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде білім алушы кемінде 30 академиялық кредитті менгереді. Оқу жылы бітіру курсын қоспағанда, 2 оқу семестрінен және 1 жазғы семестрден тұрады (бейіндік бағыт үшін Жазғы семестр көзделмеген).

4.18 Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

4.19 Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 12 беті</b>
---	---

4.20 Магистратура бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі критерийі магистранттарды игеру болып табылады:

- 1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит;
- 2) бейіндік магистратурада оқу мерзімі 1 жыл 60 академиялық кредит бар.

## 5. МАГИСТРАТУРАДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ

### 5.1 Магистратурада оқу процесін ұйымдастыру.

5.1.1 Бір оқу жылы ішінде оқу процесін ұйымдастыру «ОҚМА» АҚ ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеде магистранттың оқу жылы ішінде аудиториялық оқу, аралық және қорытынды аттестаттау, тағылымдама, ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыс түрлері, демалыс күндері (каникул және мереке күндері) кезеңдері көрсетіледі. Бір академиялық кезеңнің ұзақтығы 15 апта. Әрбір академиялық кезең аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады. Аралық аттестаттаудың (қорытынды бақылаудың) ұзақтығы кемінде 2 аптаны құрайды. Демалыс оқу жылы ішінде білім алушыларға кемінде 2 рет беріледі, бітіру курсын қоспағанда, жалпы ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс.

5.1.2 Бітіру курсын қоспағанда (бейіндік бағыт үшін Жазғы семестр көзделмеген) ұзақтығы кемінде 6 апта (бір аптада 2 кредит) қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, оқу пәндерін зерделеу және басқа білім беру ұйымдарында білім алушыларға кредиттерді міндепті түрде қайта есептей отырып, оларды игеру үшін Жазғы семестр ұйымдастырылады жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, үлгерімнің орташа балын арттыру ұйымының (GPA), сабактас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде қос дипломды білім беру шенберінде игеру.

5.1.3 Магистратураның білім беру бағдарламасын менгеру магистранттың аудиториялық (байланыс) және сабактан тыс (өздік) жұмысы түрінде жүзеге асырылады.

5.1.4 Магистранттың өзіндік жұмысы екі бөлікке бөлінеді: магистранттың оқытушымен өзіндік жұмысы (МОӘЖ) және магистранттың өзіндік жұмысы (МӘЖ).

5.1.5 Магистранттарға оқу және бақылау кезеңдері шегінде аудиториялық жұмыстарды орындау мерзімдері, орны және ұзақтығы, сондай-ақ практика кезеңі оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор бекітетін кестелермен реттеледі. Оқу сабактарының, педагогикалық практиканың, аралық және қорытынды аттестацияның кестелерін дайындауды ОӘО жүзеге асырады. ҚКЖДжМБ

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Магистратура туралы ереже	Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 13 беті

магистранттарды және БӨ магистратура бағдарламаларының профессорлық-оқытушылық құрамын оқу сабактары мен оқу практикасының кестесі туралы академиялық кезең басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей, аралық және қорытынды аттестаттау кестесі туралы – емтихандар басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей хабарлайды.

5.1.6 Магистранттар Platonus АИЖ пәндеріне онлайн тіркелгеннен кейін теориялық оқыту курсы бойынша оқу сабактарына қатысуға жіберіледі.

5.1.7 Оқудың 1 семестріндегі пәндер бойынша тіркелуге рұқсат алу үшін негіз болып табылады:

- білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық;
- семестрге ақы төлеу (шарттық оқыту кезінде).

Оқытудың кейінгі семестрлерінің пәндеріне, сондай-ақ пәндерді қайта оқуға тіркеуге қол жеткізу үшін негіз болып табылады:

- қажетті пәндер-пререквизиттерді игеру;
- семестрге ақы төлеу (шарттық оқыту кезінде);
- пәнді қайта оқытқаны үшін төлем (академиялық қарыз).

Тіркеу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі.

Магистрант келесі академиялық кезеңде тек ақылы негізде курсты қайта оқи алады.

5.1.8 Магистранттарды оқу сабактарына қатысуға уақтылы тіркеуге ГКЖДжМ жауапты. Магистранттарды пәндерге тіркеу ағымдағы академиялық кезеңге арналған оқу сабактарының кестесін жасау үшін негіз болып табылады.

5.1.9 1-ші оқу жылының магистранттарын 1-ші оқу семестрінің оқу сабактарына қатысуға тіркеу семестр басталғанға дейін жүзеге асырылады.

5.1.10 Магистранттарды екінші және одан кейінгі оқу семестрлерінің оқу сабактарына қатысуға тіркеу ЖОЖ негізінде жүзеге асырылады.

## 5.2 Бағдарламаларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

5.2.1 Базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер (бұдан әрі – БнП) циклдері жоғары оқу орны компонентінің (бұдан әрі – ЖК) және таңдау компонентінің (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды.

5.2.2 Жоғары оқу орны компоненті және таңдау компоненті пәндерінің тізбесін «ОҚМА» АҚ дербес айқындейды. Бұл ретте еңбек нарығының қажеттіліктері, жұмыс берушілердің құтулері, магистранттардың қажеттіліктері мен мұдделері ескеріледі.

5.2.3 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП жоғары оқу орны компоненті «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шет тілі (кәсіби)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы» пәндерін, бейіндік бағыт үшін «Менеджмент», «Басқару психологиясы», «Шет тілі (кәсіби)» пәндерін қамтиды.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 14 беті</b>
---	---

**5.2.4** Фылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі 35 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 20 академиялық кредит ЖК бөлінеді.

**5.2.5** Бейіндік бағыттағы магистратурада магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлеміндегі БП циклінің көлемі 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл). Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 1 жыл оқу мерзімімен 6 академиялық кредитті құрайды.

Фылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БнП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 49 академиялық кредитті құрайды.

Бейіндік бағыттағы магистратурада БнП циклінің көлемі «ОҚМА» АҚ дербес ЖК мен ТК арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 25 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) құрайды.

**5.2.6** Магистратура БББ бойынша оқу сабактары негізінен белсенді шығармашылық нысандарда (кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т. б.) заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып өткізуі тиіс.

**5.2.7** FKЖДжМБ және бітіруші кафедра магистратураның білім беру процесіне неғұрлым жоғары білікті оқытушылар мен ғалымдарды тартады, сондай-ақ мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында магистрлерді даярлаудың тиісті бағыттары бойынша жетекші ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасуды үйімдастырады. Бітіруші кафедралар магистратура БББ-ны практика базаларымен қамтамасыз етеді және стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық басқармасымен бірлесіп магистранттардың академиялық ұтқырылық бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайлар жасайды.

### **5.3 Ғылыми жетекшілерді магистранттарды тағайындау.**

**5.3.1** «Ғылым кандидаты» немесе «Ғылым докторы» немесе «Философия докторы (PhD)» немесе «Бейіні бойынша доктор» немесе «Философия докторы (PhD)» академиялық дәрежесі «Бейіні бойынша доктор (PhD)» немесе «Бейіні бойынша доктор» немесе «Философия докторы» дәрежесі бар оқытушының магистранттарға ғылыми жетекшілік етуге ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы бес жылдағы 5 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын, сұрау салынатын бағыттың бейініне сәйкес келетін «Бейін бойынша доктор» немесе (PhD), білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – басылымдар тізбесі) бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын және JCR (ЖЖК) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>E 333-2024</b> <b>басылым №2</b> <b>34 беттің 15 беті</b>
---	---

журналда 1 ғылыми мақала Humanities Citation Index Web of Science Core Collection (Web of Sines cor collection) немесе citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші Scopus (Скопус) дерекқорында кемінде 25 болуы керек.

Магистранттардың ғылыми жетекшілігіне бейіндік бағыт бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар ұлттық біліктілік шенберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін мамандар тартылады.

**5.3.2** Ғылыми жетекшілік ғылыми кеңестің шешімі негізінде ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

**5.3.3** Ғылымның сабактас салаларындағы ғылыми кеңесшілерді тағайындау туралы шешім ғылыми кеңестің шешімі негізінде қабылданады. Ғылыми кеңесшілерге қойылатын талаптар 5.3.1-тармақта көрсетілген.

**5.3.4** Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде білім алады.

Ғылыми жетекшілер магистранттардың оқу пәнін сақтауы, жеке жоспарды бекітуі, магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындауды және магистрлік диссертацияны/жобаны уақтылы ұсынуы үшін жауапты болады.

**5.3.5** Магистранттың ғылыми жетекшісін ауыстыру туралы шешімді ғылыми жетекшінің немесе магистранттың өтініші негізінде бітіруші кафедраның ұсынысы бойынша «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңесі қабылдайды.

**5.4** Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларын бекіту.

**5.4.1** Магистранттар оқудың алғашқы 2 айында келесі бөлімдерді қамтитын жеке жұмыс жоспарларын әзірлейді және бекітеді:

- ЖОЖ;
- жеке жоспар F3Ж;
- тәжірибеден өту жоспары;
- негізdemесі мен құрылымы бар диссертация/жоба тақырыбы;
- диссертацияны/жобаны орындау жоспары;
- ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспары.

**5.4.2** Магистранттың ЖОЖ ББ оқу компонентін игеру үшін негіз болады. ЖОЖ-да магистрантты оқытуудың жеке траекториясы көрініс табады. Қажет болған жағдайда ЖОЖ жыл сайын нақтылануы мүмкін.

**5.4.3** Магистранттың F3ЖЖ/ЭЗЖЖ бағдарламасы жылдар бойынша бөлінген магистратура бағдарламасының барлық кезеңіне құрастырылады. F3ЖЖ/ЭЗЖЖ жоспары магистрлік диссертацияның/жобаның тақырыбын, зерттеу бағытын, мерзімі мен есеп беру формасын көрсетеді.

**5.4.4** Магистранттың практикандан өту жоспарында практиканың кеңейтілген бағдарламасы, практика базасының сипаттамасы, өту мерзімдері және есептілік нысаны қамтылуға тиіс.

**5.4.5** Магистранттың ғылыми жарияланымдар жоспарында жарияланымдардың үлгілі тақырыбы, жарияланымдар бойынша жұмыстардың

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 16 беті</b>
---	---

мерзімдері, жұмыстарды жариялау жоспарланып отырған ғылыми басылымдардың атаулары қамтылуға тиіс.

5.4.6 Магистранттардың ғылыми тағылымдамалар жоспарында мақсаттары мен міндеттері көрсетілген кеңейтілген тағылымдама бағдарламасы, тағылымдама базасының сипаттамасы, тағылымдаманы өткізу мерзімдері және есептілік нысаны қамтылуға тиіс.

5.4.7 Жеке жоспарды магистрант, оның ғылыми жетекшісі/кеңесшісі жасайды, тиісті БББ жөніндегі ғылыми комитеттің төрағасы және ғылыми жұмыс, докторантура және магистратура секторының менгерушісі келіседі, ғылыми кеңестің отырысында бекітіледі, бірінші проректор қол қояды.

5.4.8 Магистранттардың академиялық қызметіне мониторингті ұйымдастыру мақсатында магистранттың жеке жұмыс жоспарының бір данасы ФКЖДжМБ және магистрлік диссертация/жоба орындалатын бітіруші кафедрада сақталады.

5.4.9 Магистранттың ЖОЖ-на енгізілетін кредиттердің ең көп саны тиісінше ағымдағы семестрге және оқу жылына ОЖЖ белгілеген кредиттер санына сәйкес келуге тиіс.

5.4.10 Магистранттар ЖОЖ құрастыруға және БББ ОЖЖ талаптарына сәйкес оқу курсын толық менгеруге жауапты болады.

5.4.11 Магистрант БББ ОЖЖ шеңберінде және өзінің ғылыми жетекшісінің/ғылыми кеңесшілерінің келісімімен теориялық оқытудың келесі семестрі басталғанға дейін ЖОЖ-ны өзгертуге құқылы.

5.4.12 Магистранттың оқу пәндерін жазғы семестр ішінде, ұзақтығы 6 аптаға дейін менгеруіне жол беріледі (бір аптада – 2 кредит). Жазғы семестрді ұйымдастыру оқу жылы аяқталғаннан кейін жеке кесте бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады:

- қосымша оқыту мақсатында білім алушының бастамасы бойынша ішшаралар;
- академиялық қарыздарды жою кезіндегі;
- оқу бағдарламаларындағы академиялық айырмашылықты жою кезінде;
- қорытынды бақылау нәтижелерін жақсарту үшін (GPA және т.б. арттыру мақсатында).

Жазғы семестр мерзімінде талап етілетін кредиттерді игеру үшін магистрант жазғы семестр басталғанға дейін 3 күннен кешіктірмей 12 кредиттен аспайтын мерзімге тіркелуі тиіс. Магистранттың академиялық демалыста болу себебінен туындаған академиялық берешекті жоюын қоспағанда, жазғы семестрде оқу ақылы негізде жүзеге асырылады.

5.4.13 Отандық және шетелдік білім және ғылым ұйымдарында теориялық оқыту бойынша кредиттерді игерген магистранттарға "ОҚМА" АҚ БББ бекітілген

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантуралық магистратура басқармасы</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Магистратура туралы ереже	Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 17 беті

оку жоспарына сәйкес пәндер бойынша кредиттер есептелуі (аудио-видео) мүмкін. Эрбір нақты жағдайда кредиттердің эквиваленттілігі туралы мәселені кафедра және ФКЖДжМБ қарайды, онда магистрант пән бойынша қорытынды бағаны және алынған кредиттер санын көрсете отырып транскрипт ұсынады.

**5.5 Магистранттардың ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.**

5.5.1 MF3Ж оку жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жекелеген кезеңде жоспарланады. Ғылыми-педагогикалық магистратурада MF3Ж ұзақтығы кемінде 24 кредит, бейіндік магистратурада МЭЗЖ (оку мерзімі 1 жыл) - кемінде 13 кредит.

5.5.2 MF3Ж/МЭЗЖ ұйымдастыру қажетті зертханалық-зерттеу және (немесе) ғылыми-әдістемелік базалармен жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген бітіруші кафедраларда жүзеге асырылады. Пәнаралық сипаттағы MF3Ж/МЭЗЖ екі немесе одан да көп кафедралар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

5.5.3 Магистранттарды даярлауды жүзеге асыратын бітіруші кафедралардың жетекші отандық және шетелдік аккредиттелген оку-ғылыми мекемелермен, ғылыми орталықтармен, халықаралық кәсіби қауымдастықтармен және қауымдастықтармен ғылыми-білім беру байланыстары болуы тиіс, олар ғылыми-зерттеу және сараптамалық-практикалық қызмет үшін жоғары білікті мамандарды даярлаудың озық шетелдік тәжірибелін пайдалануға және магистранттарға ғылыми жетекшілік етуге және кеңес беруге құзыретті шетелдік мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

5.5.4 MF3Ж/МЭЗЖ бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бітіруші кафедралар магистранттар жүзеге асыратын магистрлік диссертациялар/жобалар тақырыбының кафедраның ғылыми-зерттеу қызметтінің бағыттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі және магистранттарды бітіруші кафедралар орындағы ғылыми жобаларға қатысуға тартуы тиіс.

5.5.5 Магистранттардың ғылыми жетекшілері/кеңесшілері магистранттың зерттеу жұмысын жүргізу үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға (қажетті көздер мен ресурстарға қол жеткізуі қамтамасыз етуге; магистрлік диссертацияны/жобаны орындау процесінде жәрдем көрсетуге және консультациялар беруге; магистранттар ұсынатын материалдар бойынша кері байланыс беруге; қажет болған жағдайда магистранттардың білім және ғылымның бөлігінде зерттеу жұмыстарын жүргізуін қамтамасыз етуге, оның ішінде әйгілі әлемдік шетелдік орталықтар; жүргізілетін зерттеу нәтижелерін жариялауға дайындауға жәрдемдесу; ББ магистранттарын игеру барысында туындастырын өзге де мәселелерді шешу).

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024</b> <b>басылым №2</b> <b>34 беттін 18 беті</b>
---	---

**5.5.6** Магистранттың ғылыми жетекшісі аяқталған магистрлік диссертацияға/жобаға объективті баға беріп, оны диссертацияны/жобаны қорғауға дайындауы керек.

**5.5.7** Магистранттардың ғылыми жетекшілері/кеңесшілері бағдарламалардың сапасы мен тиімділігіне, сондай-ақ магистранттардың ғылыми тағылымдамадан өтуі, ғылыми зерттеулері мен кәсіби тәжірибесі үшін негіздердің сәйкес таңдалуына жауапты.

**5.5.8** Магистранттарды дайындайтын магистратура кафедралары теориялық және қолданбалы зерттеудердің ауқымды бағдарламалары шенберінде магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруы және алынған нәтижелерді тексеруге мүмкіндік беруі керек.

**5.5.9** Бітіруші кафедралар магистранттардың ғылыми қоғамдастық пен академиялық емес сектор өкілдері үшін өткізілетін ФЗЖ нәтижелерін таныстыруын көздейтін тұрақты жұмыс істейтін ғылыми-практикалық семинарлардың бағдарламаларын іске асыруы тиіс.

**5.5.10** Бітіруші кафедралар магистранттардың зерттеу жұмысын қажетті зертханалық-техникалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуге және жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысын үздіксіз ағымдағы бақылауға жауапты болады.

**5.5.11** МҒЗЖ/МЭЗЖ жоспарлау ББ ОЖЖ сәйкес семестрлер бойынша жүзеге асырылады. Әр академиялық кезеңнің сонында магистранттар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тиісті ББ бойынша ғылыми комитеттің отырысында таныстырады..

**5.5.12** МҒЗЖ/МЭЗЖ оқудың бірінші жылышында магистрлік жобаны аяқтауды және қорғауды, екінші оқу жылышында магистрлік диссертацияны аяқтауды және қорғауды қамтиды.

**5.5.13** Магистранттың зерттеу жұмысының нәтижелері ашық баспасөзде кемінде бір ғылыми мақалада және халықаралық конференцияларда бір сөз сейлеуде ұсынылуы тиіс. Алынған авторлық қуәліктер, патенттер және т. б. ескеріледі.

**5.5.13** Магистранттардың ғылыми жарияланымдарында қорғауға шығарылатын магистрлік диссертацияны/жобаның негізгі ережелері ұсынылуы тиіс.

**5.6** Магистратура магистранттардың өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру және өткізу

**5.6.1** Жоғары оқу орындарындағы магистранттардың практикасы мамандарды даярлаудың маңызды бөлігі болып табылады және тиісті деңсаулық сактау ұйымдарында, ғылым, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында өткізіледі, докторантура деңгейінде теориялық оқыту процесінде алынған білімді бекітуге және кеңейтуге бағытталған.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>Фылими-клиникалық жұмыстар, докторантуралық және магистратура басқармасы</b> <b>Магистратура туралы ереже</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>Е 333-2024 басылым №2 34 беттің 19 беті</b>
--	---

5.6.2 Магистранттар практикасы магистрлік даярлықтың жалпы тұжырымдамасы шенберінде ұйымдастырылады. Оның мазмұнын қамтамасыз етуі керек практиканың негізгі идеясы-педагогикалық және зерттеу қызметімен байланысты технологиялық дағдыларды қалыптастыру.

5.6.3 Практика магистрант тұлғасының дамуына, әлеуметтік нормалар мен мамандық құндылықтарын игеруге ықпал етуі керек.

5.6.4 Білім алушыларды практиканың барлық түрлеріне жіберу практикадан өту мерзімдерін, практика базасын және практика жетекшісін көрсете отырып, бірінші проректордың бұйрығымен ресімделеді.

